

## Көсембай негізгі мектебінің «Жас тарихшылар» үйірмесінің 2021-2022 оқу жылындағы талдауы

Тарих жас ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуына, өзінің жеке тарихи түп тамырын түсіне білуіне, тұрмыстық алуан түрлі моральдық адамгершілік мәселелерін дұрыс шеше білуіне көмектеседі.

Тарих үйірмесінің мақсаты: -жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақталған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа, әлем халықтарының тарихи мен мәдениетін сүюге тәрбиелеу болып табылады.

Жалпы үйірме жұмысына мектепте 5-9-сыныптар арасында 24 оқушы қамтылды. Жылдық үйірме жұмысы уақытылы бекітіліп, арнайы бекітілген кесте негізінде жүргізіліп, жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылды.

Үйірме жұмысы бойынша төмендiгдей сыныптан тыс іс-шара жұмыстары жүргізілді:



Кенес одағының батыры Әлия Молдағұлованың туған жеріне және "Әлия" патриоттық тәрбие беру орталығына саяхат жасады. Бұл кешен Әлия Молдағұлованың 80 жылдығына орай 2005 жылы ашылған болатын. Бұл жерде батырдың өмірі мен ерлік жолдары туралы ақпараттар, жәдігерлер қоры сақталған. Музейде жеке заттары, фотосуреттері, түрлі құжаттары, тіпті майдан даласынан табылған қару-жарак

құралдарыдабар.


Батырдың кіндегі кесілген киелі жерден оқушылар ерекше әсермен қайтты. Шығыстың шынары атанып тарихта алтын әріптермен жазылған батыр қыздың ескерткішіне барып, ерлікке тағзым етті.

[https://www.instagram.com/tv/CeqTkc1gy0k/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/tv/CeqTkc1gy0k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Сонымен қоса Ойыл ауданындағы Тарих пен тағылымның ордасы- музейге саяхат жасап, музейдегі көне жәдігерлермен танысып, музейде жасақталған 8 көрме залын аралап, музей қорына жыл басынан бері 147 жәдігер тапсырылып, 1890 адам тамашалағандығымен танысты. Ел үшін тер төккен тау тұлғалардың ерен еңбектері мен сайын даланың қойнауындағы көне дәуірдің жәдігерлерін жинақтап, қорғалып, сақталған айтулы музей бүгінгі күнде ауданның абыройы екендігіне үйірме оқушылары көз жеткізіп келді.

[https://www.instagram.com/tv/Ce3ntjTlMa6/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/tv/Ce3ntjTlMa6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)





Ауданымыздың ең көрікті жерлерінің бірі – «Барқын құмы». «Барқын» құмында жүзген, құланқұйрық, құмаршық, жыңғыл, гүлбұт, құртқагүл секілді сирек кездесетін өсімдіктердің түрлері бар. Олардың әрқайсысына тоқталған бұл өсімдіктердің адам денсаулығына емдік қасиеттері барын, сонымен бірге «Барқын» құмының табиғатына байланысты көптеген сұрақтарына жауап алып, үйірме оқушылары барқын құмына саяхат жасады.

[https://www.instagram.com/p/CHPo6C8AmdL/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/CHPo6C8AmdL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Оқушылар тарихи материалдарды жан-жақты зерттеп, саралап, меңгерді. Үйірме жұмысы барысында оқушылар бірлікте жұмыс жасай отырып, өз қабілеттерін арттыра түсті. Материалдарды іздестіріп ғана қоймай, сонымен қатар, іс жүзінде көруге мүмкіндік алды. Мұражайларға, тарихи маңызы бар орындарға бару арқылы өздерінің рухани білімдерін жетілдіре түсті. Әр оқушы өз шығармашылық қабілеттерін арттыра түсті.Туған өлкенің табиғатынан бастап, қазіргі жағдайына дейінгі кезеңдер бойынша бірнеше тапсырмалар орындады. Оқушылардың туған жерге, Отанға деген ыстық ықластарын, бойларындағы адамгершілік, еңбексүйгіштік қабілеттерін дамыту басты міндет болып табылады.

Үйірме жетекшісі:  А.М.Керей

